

**Х. Манейұлы,**  
ҚГЗУ, конституциялық құқық және мемлекеттік басқару  
кафедрасының аға оқытушысы

### **Мемлекеттік қызметтің жоғары беделі мен мәртебесін көтеру өзектілігі**

Егемен ел атанған Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құру үшін мемлекеттік органдарда кәсібилік, демократиялық қағидаларын ұстануы қажет. Кәсібилік қағидасына сәйкес мемлекеттік қызметші кәсіби даярланған маман болуы тиіс. Мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі және этика мәселесі мемлекет құрылған сәттен бастап әрдайым күн тәртібінде тұратын мәселелердің бірі.

«Қазақстан - 2030» стратегиясының ұзақ мерзімді «Негізгі міндеттерімен ғана шектелетін кәсіпқой мемлекет» басымдығында Елбасы: «... Қазақстанда нарықтық экономика үшін оңтайлы болатын мемлекеттік қызмет пен басқару құрылымының осы заманғы тиімді жүйесін жасау, басым мақсаттарды іске асыруға қабілетті үкімет құру; ұлттық мүдделердің сақшысы бола алатын мемлекет қалыптастыру» [1] міндетін қойған еді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында көрсетілгендей жаңа кадр саясатын жүргізу, жаңа басқару тобын құру, мемлекеттік органдарды еліміздің бүгіні мен болашағына

қызмет жасайтын кадрлармен қамтамасыз етуді талап етеді.

Кез келген мемлекеттің даму тарихын зерделеу арқылы оның бәсекеге барынша қабілеттілігінің қалыптасуы мен жалпы әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің артуын қамтамасыз ету тікелей кәсіби білікті мамандарға және оңтайлы жүргізілген кадрлық саясатқа байланысты екенін көруге болады. Осы ретте, біздің елімізде де мемлекеттік кадр саясатының мән-маңызы жоғары, өзектілігі өте ерекше.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында және «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» [2] деп аталатын мақаласында да қазір біздің мемлекеттік қызметшілердің жаңа ұрпағын өсіру кезеңінде тұрғанымызды атап көрсете отырып, мемлекеттік қызметтің беделін көтеру қажеттігіне тағы да ден қойды. Елімізде төменнен жоғарыға дейін басқару жүйесін жетілдіру, кадрлар біліктілігі мен жауапкершілігін арттыруға басым бағыт беріліп отырған қазіргі жағдайда мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап тұрғысынан келгенде міндет аса күрделі екендігін Елбасымыз үнемі баса ескертуде.

Мемлекеттік қызметтің жоғары беделі мен мәртебесі шетелдердегі мемлекеттік қызмет жүйесінің маңызды ерекшелігі болып табылады.

Қазіргі уақытта көптеген елдер мемлекеттік басқарудың ұлттық жүйесінің ерекшеліктерін ескеретін мемлекеттік қызметтің аралас моделін құруды жөн көреді.

«Қазақстан - 2030» стратегиясында айқындалған мемлекеттік қызметті дамытудың басымдықтары: «кадрларды жалдау, даярлау және жоғарылату жүйесін жақсарту»; «мемлекеттік қызмет - ұлтқа қызмет ету»; «мемлекеттік қызметтің жоғары абыройын қалыптастыру және қолдау»; мемлекеттік қызметтің құқықтық тұжырымдамасымен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің жаңа моделін қалыптастыру негізге алынған [3].

Мемлекеттік қызметтің оң беделіне ұсынылатын негізгі қағидалар Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс Кодексінде: «Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру

болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне және моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды» [4] деп белгіленген.

Мемлекеттік қызметші болу - зор құрмет, сондықтан да, кәсібилікпен бірге жоғарғы адамгершілік қасиеттерге ие болған абзал. Әсіресе, қазіргі таңда, жаңа ақпараттық технологиялар мен БАҚ еркіндігі туған шақта мұндай қасиет болу керек. Мемлекеттік қызметші болуға үміткер адамдар халық алдында жауапкершілікті сезіне білуі үшін мемлекеттік қызметтің беделін көтеру қажет.

Мемлекеттік қызметшінің имиджін қалыптастыру идеологиялық, саяси және мәдени аспектілерді коздейді. Мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыру - күрделі және ұзақ үрдіс. Мемлекеттік қызметшінің жұмысы мен өзін-өзі ұстауы баршаға анық. Оның беделі - мемлекет беделінің бір бөлігі. Мемлекеттік қызметшілердің және жалпы биліктегі мемлекеттік органдардың барлық басшыларының жұмысына қарап халық билікке, оның қарапайым халыққа деген көзқарасына баға береді. Осыдан мемлекеттік қызметшілердің мойнына жүктелген үлкен жауапкершілікті байқауға болады.

Бүгінде, мемлекеттік қызметтің бірыңғай мемлекеттік биліктің заң шығаратын, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан, барлық ұйым түрлеріне бірдей негіз бен ұстаным құрудың қажеттілігі анықталған. Осы негізде Елбасымыз Жолдауында «Жаңа тұрпатты шенеунік - өз ұлтының отаншыл әрі әділ, ісіне адал және кәсіпқой білікті қызметшісі болуға тиіс. Мемлекеттік қызметтің беделін биік көтеру және қолдап отыру - біздің таяу жылдарда шешуге тиіс стратегиялық міндетіміз» [5] - деп атап өткен еді. Қоғамның қазіргі мемлекеттік қызметтен күтетіні де осы.

Жаңа заңға мемлекеттік қызметшілердің атқарып отырған жұмыс сапасын бағалау жүйесі енгізілетін болғандықтан, белгілі лауазым иесі қызмет барысында салғырттыққа жол берген жағдайда тиісті пікір қалыптасып, шара қолданылады. Бұл да мемлекеттік қызметті жетілдірудің көрінісі. Оның үстіне, бірінші деңгейде мемлекеттік қызметшілердің жалпы мінез-құлық стандарттарын айқындайтын нормативтік құқықтық акт дайындау. Екінші деңгейде әрбір мемлекеттік органның.

мемлекеттік қызметшілері үшін мейлінше нақтыланған мінез-құлық қағидалары мен нормаларын әзірлеу қажеттілігі тұр.

Сонымен бірге, мемлекеттік қызметтің беделін көтеру үшін, мемлекеттік қызметтің конкурсты-мансаптық үлгісін жетілдіру ондағы заңнамалық білімін тестілеуге мемлекеттік тілді білу талабын қойып, тестілеуден өткізу орынды болар еді. Әңгімелесуді мемлекеттік тілде жүргізу артық болмас еді.

Қолданыстағы «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормалары мен тарауларында толықтыруды қажет ететін, қарастырылуға тиісті бірқатар мәселелер бар [6]. Осыған сәйкес қабылданғалы отырған заңда алғаш рет қызметтік этика туралы бөлек тарау көзделіп отыр, оған Ар-намыс кодексі нормасы және мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы енгізілмек. Демек бұл өте орынды мәселе.

Біздің ойымызша, аталған тарау мемлекеттік тілді, салт - дәстүрді құрметтеу, басқа тілдерге, Қазақстан халқының әдет-ғұрыптарына оң көзқараспен қарау деген нормалармен толықтырылса лайықты болар еді, өйткені тілді, дәстүрді құрметтеу ол халықты, ұлтты сыйлау деген сөз, ал ұлтты, халықты сыйлау мемлекетке, осылай мемлекеттік қызметке құрметпен қарау көзқарасын қалыптастырары сөзсіз.

Бұған қоса, кадрларды іріктеуде және жоғарылатуда меритократия қағидатын жетілдіру мен кадрлар резервін қалыптастыруда кемшіліктерге жол бермеу және де әрбір мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілері үшін мейлінше нақтыланған мінез-құлық қағидалары мен нормалары әзірлеуде талаптарды күшейту басты мәселе болып табылады.

Мемлекеттік қызмет пен жұртшылық, оның ішінде қоғамдық-саяси бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы диалог мемлекеттік органдардың өз қызметі туралы азаматтарға жүйелі түрде ақпарат беріп отыруын, сондай-ақ халықпен байланысты дамытуды және солардың негізінде өзара тиімді шешімдер қабылдауды көздейтін шаралар жүзеге асырылуы керек деп санаймыз.

Шетелдерде, айталық, Жапония, Сингапур, Нидерланды сияқты мемлекеттерде мемлекеттік қызметшіні «мемлекеттің

ұяты» ретінде қарайды, яғни мемлекеттік қызметшінің беделі мен жауапкершілігінің күшті екенін көруге болады. Осының барлығы, түптеп келгенде, мемлекеттік қызметшілердің халық арасында беделін көтеру қажеттілігінен туған талаптар.

Білікті, білімді, әдепті, сабырлы, шыншыл, отансүйгіш, ұлтжаңды қасиеттері мол азаматтардың мемлекеттік қызметтерді атқарып, халыққа қызмет етуіне қол жеткізу үшін тиісті іс-шаралар жүргізіле беруі қажет.

Шенеуніктің басты қағидасы - халыққа қызмет ету. Оны ешуақытта ұмытпауы керек. Яғни, мемлекеттік қызметке келгендердің барлығы қарапайым халыққа қызмет етулері тиіс. Халықтың игілігіне жұмыс істеп, елге қолайлы жағдай туғызуы керек. Мемлекеттік органға шағымданған, жүгінген кез келген адам, мемлекет көрсетуге тиісті қызметтің барлығын еш сергелдеңсіз, дер кезінде және сапалы түрде алуы тиіс.

Мұны мемлекет басшысы Н. Назарбаевта «Мемлекеттік қызметке біз жұмыс істеу үшін шақырамыз. Себебі, халқымыз бізді өзіне жұмыс істеу үшін жалдайды. Сондықтан, біз өзіміздің халықтың қызметшісі екенімізді ұмытпайық. Мансапқорлық көрсетпей, халыққа жақын, әр істе әділ болып, әрбір адамның мұң-мұқтажын қолдан келгенше түсініп, оны дәл сол кезде орындай алмасаң да түсіндіріп, дұрыс жауап беріп, шығарып салу - біздің парызымыз. Сонда әкімшілік те, мемлекеттік қызметкерлер де халыққа жақын болады», -деп бірнеше мәрте қадап-қадап айтты. Елбасының айтқан бұл сөздері әрбір мемлекеттік қызметші үшін басты қағидаға айналуы тиіс. Мемлекеттік қызметші әрдайым халыққа жақын болуы керек. Сонда ғана оның беделі мен абыройы артып, өзінің нағыз мемлекеттік қызметші екенін ұғына алады.

«Ұлық болсаң, кішік бол» демеуші ме еді халық.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. *«Қазақстан - 2030» Стратегиясы. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.*

2. *ҚР Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай*

20 қадам» бағдарламасы // «Егемен Қазақстан» газеті,- 2012. - 10 шілде.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған.

Құқықтық саясат тұжырымдамасы»// «Егемен Қазақстан» газеті.-2010.- 12 наурыз.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары).

5. «Қазақстан - 2030» Стратегиясы. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.

6. «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі № 453 Қазақстан Республикасының Заңы.